

«КМФ Банк» АҚ
Үлестес тұлғалар және мәміле жасауға
мүдделілік туралы ақпарат беру
қағидасы

Бизнес - иегері:	Корпоративтік хатшы қызметі
Бекітілді:	Директорлар кеңесінің 2025 жылғы «23» сәуірдегі № 4 хаттамасы
Қолданысқа енгізілді:	202_ жылғы «__» _____ бастап
Күші жойылды деп танылды:	-
ІНҚ-ға қол жеткізу деңгейі:	Қызмет бабында пайдалану үшін

Алматы қ.,
2025 ж.

Мазмұны

1-тарау. Жалпы ережелер	3
2-тарау. Банктің үлестес тұлғалары.....	3
3-тарау. Үлестес тұлғалар туралы мәліметтерді беруге қойылатын талаптар..	4
4-тарау. Мәміле жасауға мүдделілік	5
5-тарау. Үлестес тұлғалармен мәміле жасау кезіндегі жауапкершілік	6
6-тарау. Қорытынды ережелер.....	7

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы «КМФ Банк» АҚ Үлестес тұлғалар және мәміле жасауға мүдделілік туралы ақпарат беру қағидасы (бұдан әрі – Қағида) «Акционерлік қоғам туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және Банк Жарғысына сәйкес әзірленді.
2. Қағида үлестес тұлғалар, мәміле жасауға мүдделілік туралы ақпаратты ұсыну тәртібін, талаптарын, үлестес тұлғалар туралы ақпарат берілетін нысанды, үлестес тұлғалармен мәміле жасаған кездегі жауапкершілікті айқындайды.
3. Осы Қағиданы, сондай-ақ ондағы өзгерістерді және/немесе толықтыруларды Банктің Директорлар кеңесі бекітеді.
4. Осы Қағидада мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:
 - 1) Акционер — акцияның меншік иесі болып табылатын тұлға;
 - 2) Ірі акционер — бір-бірімен жасалған келісім негізінде әрекет ететін, өзіне (жинақтап алғанда өздеріне) акционерлік қоғамның дауыс беретін акцияларының он және одан да көп пайызы тиесілі акционер немесе бірнеше акционер;
 - 3) Лауазымды тұлға – директорлар кеңесінің мүшесі, атқарушы органның мүшесі немесе атқарушы органның функцияларын жеке-дара атқаратын тұлға;
 - 4) Үлестес тұлғалар — тікелей және (немесе) жанама түрде шешімдерді айқындауға және (немесе) әрқайсысы (тұлғалардың бірі) қабылдайтын шешімге, оның ішінде жасалған мәмілеге орай ықпал етуге мүмкіндігі бар (өздеріне берілген өкілеттіктер шеңберінде бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды қоспағанда) жеке немесе заңды тұлғалар. Банктің үлестес тұлғаларының тізбесі «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленеді;
 - 5) Корпоративтік хатшы — Банктің Директорлар кеңесі қызметке тағайындаған және Банктің Директорлар кеңесі және (немесе) Басқарма мүшесі болып табылмайтын Банк қызметкері;
 - 6) Банктің заңды мекенжайы – Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, 050000, Медеу ауданы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғ., 50-үй.

2-тарау. Банктің үлестес тұлғалары

5. Банктің үлестес тұлғасы мыналар:
 - 1) ірі акционер;
 - 2) Банктің тәуелсіз директорын қоспағанда, осы тармақтың 1), 3) және 9) тармақшаларында көрсетілген жеке тұлғаның жақын туыстары, жұбайы, жұбайының жақын туыстары;
 - 3) тәуелсіз директорды қоспағанда, Банктің немесе осы тармақтың 1), 4), 5), 6), 7), 8), 9), 10) және 11) тармақшаларында көрсетілген заңды тұлғаның лауазымды тұлғасы;
 - 4) Банктің ірі акционері не лауазымды тұлғасы болып табылатын тұлғаның бақылауындағы заңды тұлға;

- 5) Банктің ірі акционері не лауазымды тұлғасы болып табылатын тұлға ірі акционер не мүлкіндегі тиісті үлеске құқығы бар болып табылатын заңды тұлға;
- 6) Банк ірі акционер болып табылатын не мүлкіндегі тиісті үлеске құқығы бар болатын заңды тұлға;
- 7) осы тармақтың 6) тармақшасында көрсетілген заңды тұлға ірі акционер немесе мүлкіндегі тиісті үлеске құқығы бар болып табылатын заңды тұлға;
- 8) Банкпен бірге үшінші тұлғаның бақылауында болатын заңды тұлға;
- 9) Банкпен шарт арқылы байланысты, Банк қабылдайтын шешімдерді сол шартқа сәйкес айқындауға құқылы тұлға;
- 10) дербес немесе өзінің үлестес тұлғаларымен бірге Банктің (ұйымның қатысу үлесінің) не осы тармақтың 1), 4), 5), 6), 7), 8), 9) және 11) тармақшаларында көрсетілген заңды тұлғалардың дауыс беретін акцияларының он және одан да көп пайызын иеленетін, пайдаланатын және оларға билік ететін тұлға;
- 11) Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес Банктің үлестес тұлғасы болып табылатын өзге де тұлға.

6. Жеке тұлғаның үлестес тұлғасы мыналар:

- 1) жақын туыстары, жұбайы, жұбайының жақын туыстары;
- 2) осы жеке тұлға және (немесе) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген тұлғалар ірі акционер (ірі қатысушы) және (немесе) лауазымды тұлға болып табылатын заңды тұлға;
- 3) осы жеке тұлғаның және (немесе) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген тұлғалардың бақылауында болатын заңды тұлға;
- 4) осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген заңды тұлғалар ірі акционерлер (ірі қатысушылар) болып табылатын немесе мүліктегі тиісті үлеске құқығы бар болатын заңды тұлға;
- 5) осы тармақтың 2), 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген заңды тұлғалардың лауазымды тұлғалары.

3-тарау. Үлестес тұлғалар туралы мәліметтерді беруге қойылатын талаптар

7. Банктің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер қызметтік, коммерциялық немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпарат болып табылмайды.
8. Банк үлестес тұлғаларының есебін Банктің акционерлері және лауазымды тұлғалары ұсынатын мәліметтердің негізінде жүргізеді және «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен қаржы есептілігі депозитарийінің интернет-ресурсында және қор биржасының интернет-ресурсында ақпарат ашуға міндетті.
9. Банктің акционерлері және лауазымды тұлғалары Банкке қатысты үлестестік фактісі туындаған күннен бастап күнтізбелік 7 (жеті) күннің ішінде өзінің үлестес тұлғалары туралы мәліметті жазбаша түрде Банктің заңды мекенжайына және Корпоративтік хатшының электрондық поштасының мекенжайына жіберуге міндетті.

10. Үлестестіктің туындау фактісі ретінде лауазымға тағайындау, заңды тұлғалардың акцияларын (үлестерін) меншігіне алу, шарт жасау, бала туу, некеге тұру және тағы басқалары түсінілуі мүмкін.
11. Банктің үлестес тұлғалары туралы мәліметтерді Банк акционерлері және лауазымды тұлғалары осы Қағиданың Қосымшасына сәйкес нысан бойынша ұсынады.
12. Акционерлік қоғамның үлестес тұлғалары туралы мәліметтерді ұсынуға арналған нысан (осы Қағидаға Қосымша) «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 102-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының Қаулысымен бекітілген нысан негізінде жасалды.
13. Акционерлік қоғамның үлестес тұлғалары туралы мәліметтерді беруге арналған нысанда (осы Қағидаға Қосымша) көрсетілген ақпарат өзгерген және (немесе) толықтырылған жағдайда, Банк акционерлері мен лауазымды тұлғалары осындай өзгерістер және (немесе) толықтырулар үшін негіздемелер туындаған күннен бастап күнтізбелік 7 (жеті) күн ішінде осындай өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты Банктің заңды мекенжайына және Корпоративтік хатшының электрондық поштасының мекенжайына жіберуге міндетті.
14. Корпоративтік хатшы Банк акционерлерінен және лауазымды тұлғаларынан алынған ақпарат негізінде бүкіл Банктің үлестес тұлғаларының тізімі мен мәліметтерін жүргізеді және қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында және қор биржасының интернет-ресурсында ақпаратты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімде ашады.

4-тарау. Мәміле жасауға мүдделілік

15. Банктің үлестес тұлғалары, егер олар:
 - 1) мәміле жасаушы тарап болса немесе оған өкіл немесе делдал ретінде қатысса;
 - 2) мәміле жасаушы тарап болып табылатын немесе оған өкіл немесе делдал ретінде қатысатын заңды тұлғаның үлестес тұлғалары болса, Банктің мәміле жасауына мүдделі тұлғалар деп танылады.
16. Осы Қағиданың 15-тармағында көрсетілген тұлғалар 3 (үш) жұмыс күні ішінде Банк Басқармасының, Директорлар кеңесінің және Корпоративтік хатшысының назарына:
 - 1) олардың мәміле тараптары болып табылатындығы немесе оған өкіл немесе делдал ретінде қатысатындығы туралы;
 - 2) өздерімен үлестес заңды тұлғалар туралы, оның ішінде дербес немесе өздерінің үлестес тұлғаларымен бірге дауыс беретін акциялардың (үлестердің, пайлардың) 10 (он) және одан көп пайызын иеленетін заңды тұлғалар туралы және органдарында өздері қызмет атқаратын заңды тұлғалар туралы;
 - 3) өздері мүдделі болып танылуы мүмкін, өздеріне белгілі жасалған немесе ықтимал мәмілелер туралы ақпаратты кез келген қолжетімді тәсілмен жеткізуге міндетті.
17. Мына мәмілелер жасалуына Банк мүдделі болатын мәміле болып

табылмайды:

- 1) акционердің Банк акцияларын немесе басқа да бағалы қағаздарын сатып алуы, сондай-ақ Банктің өзінің орналастырылған акцияларының өтеуін төлеп алуы бойынша мәміле;
- 2) банктік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын құпияны қамтитын мәліметтерді жария етпеу туралы міндеттемелерді қабылдау бойынша мәміле;
- 3) Банктің өзінің үлестес тұлғасымен шарт жасауы, оның үлгі нысаны Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Банкті қайта ұйымдастыру және басқа да мәмілелер.

5-тарау. Үлестес тұлғалармен мәміле жасау кезіндегі жауапкершілік

18. Банктің үлестес тұлғалардың қатысуымен мәмілелер жасау ерекшеліктері мен тәртібіне қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленеді, оларды сақтамау соттың кез келген мүдделі тұлғаның талап арызы бойынша мәмілені жарамсыз деп тануы үшін негіз болып табылады.
19. Банктің «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген мәміле жасау тәртібіне қойылатын талаптарды, сондай-ақ лауазымды тұлғалар қызметінің қағидаттарын бұза отырып мәміле жасауына мүдделі тұлға Банк алдында өзінің Банкке келтірген залалы мөлшерінде жауапты болады. Мәмілені бірнеше тұлға жасаған жағдайда олардың Банк алдындағы жауапкершілігі ортақ болады.
20. «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және Банк Жарғысында белгіленген талаптарды бұза отырып қасақана ірі мәміле жасаған тұлғаның мәмілені жарамсыз деп тануды талап етуге, егер мұндай талап пайдакүнемдік немесе жауапкершіліктен жалтару ниетінен туса, құқығы жоқ.
21. Банктің лауазымды тұлғалары Банк және акционерлер алдында өздерінің іс-әрекеттерінен және (немесе) әрекетсіздігінен келтірілген зиян үшін және Банкке келтірілген залалдар, соның ішінде, бірақ олармен шектелмей:
 - 1) қателесуге әкелетін ақпарат немесе көрінеу жалған ақпарат беру;
 - 2) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген ақпарат беру тәртібін бұзу;
 - 3) олардың жосықсыз іс-әрекеттері және (немесе) әрекетсіздігі нәтижесінде, оның ішінде олардың не олардың үлестес тұлғаларының Банкпен осындай мәмілелер жасауы нәтижесінде пайда (табыс) табу мақсатында Банкте залалдың туындауына әкелген, мүдделі болуына орай жасалатын мәмілелерді жасауды ұсыну және (немесе) жасау туралы шешім қабылдау нәтижесінде келтірілген залалдар үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауапкершілік көтереді.
22. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі негізінде Банк немесе Банктің дауыс беретін акцияларының бес және одан көп пайызын иеленетін (жинақтап алғанда иеленетін) акционер (акционерлер) өз атынан лауазымды тұлғаға

оның Банкке келтірген зиянды не залалдарды Банкке өтеуі туралы, сондай-ақ, егер лауазымды тұлға жосықсыз әрекет еткен және (немесе) әрекетсіздік танытқан болса, Банкте залалдың туындауына әкелген ірі мәмілелер және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелер жасау туралы шешімдер (жасауға ұсыныстар) қабылдау нәтижесінде алынған пайданы (табысты) лауазымды тұлғаның және (немесе) оның үлестес тұлғаларының Банкке қайтаруы туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге құқылы.

23. Акционерлердің жалпы жиналысы шешімінің негізінде Банк немесе Банктің дауыс беретін акцияларының бес және одан көп пайызын иеленетін (жинақтап алғанда иеленетін) акционер (акционерлер) өз атынан, Банктің лауазымды тұлғасына және (немесе) үшінші тұлғаға, егер осындай мәмілені жасау және (немесе) жүзеге асыру кезінде Банктің осы лауазымды тұлғасы осындай үшінші тұлғамен келісім негізінде Қазақстан Республикасы заңнамасының, Банк Жарғысы мен ішкі құжаттарының талаптарын немесе оның еңбек шартын бұза отырып әрекет етсе, Банктің осы үшінші тұлғамен жасаған мәмілесі нәтижесінде Банкке келтірілген залалдарды Банкке өтеуі туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге құқылы. Бұл жағдайда аталған үшінші тұлға және Банктің лауазымды тұлғасы Банкке осындай залалдарды өтеу кезінде Банктің ынтымақты борышкерлері ретінде әрекет етеді.

6-тарау. Қорытынды ережелер

24. Қазақстан Республикасының уәкілетті органы бекіткен Акционерлік қоғамның үлестес тұлғалары туралы мәліметтер беруге арналған нысанда көрсетілген ақпарат өзгерген жағдайда, ақпаратты Банк акционерлері және лауазымды тұлғалары жаңа талаптарға сәйкес ұсынады.
25. Осы Қағидада реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес шешіледі.

«КМФ Банк» АҚ Үлестес тұлғалар
және мәміле жасауға мүдделілік
туралы ақпарат беру қағидасына
Қосымша

**«КМФ Банк»
акционерлік қоғамының
үлестес тұлғалары туралы мәліметтер**

Эмиссиялық бағалы қағаздардың мемлекеттік тізілімінің деректеріне сәйкес жарияланған акциялар шығарылымының күні және халықаралық сәйкестендіру нөмірі (ISIN коды)				Үлестес тұлғалар туралы мәліметтер берілген күн 20__ жылғы _____		
ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАР						
№	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Туған күні, кк.аа.жж. форматында көрсетіледі жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН)	Үлестестікті тану үшін негіздемелер	Үлестестіктің пайда болу күні	Резиденттік	Үлестестікті тану үшін негіздеме
1	2	3	4	5	6	7

ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАР						
№	Заңды тұлғаның толық атауы	Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу күні - <i>кк.аа.жж. форматында көрсетіледі</i> және нөмірі, бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН), заңды тұлғаның пошталық мекенжайы және нақты орналасқан жері	Үлестестікті тану үшін негіздемелер	Үлестестіктің пайда болу күні	Резиденттік	Үлестестікті тану үшін негіздеме

1	2	3	4	5	6	7